- право на получение информации о деятельности Эмитента и его финансовом состоянии в соответствии и в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан и правилами Биржи;



- право на удовлетворение своих требований в отношении Облигаций в случаях и порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан;
- право свободно продавать и иным образом распоряжаться Облигациями
- иные права, вытекающие из права собственности на Облигации в случаях и в порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

20. Сведения о событиях, при наступлении которых имеется вероятность объявления дефолта по облигациям эмитента:

- 1) перечень событий, при наступлении которых имеется вероятность объявления дефолта по облигациям эмитента

Дефолт – это невыполнение обязательств по эмиссионным ценным бумагам и иным финансовым инструментам. Событием, при наступлении которого может быть объявлен дефолт по Облигациям Эмитента (далее – «Событие дефолта»), является частичное или полное неисполнение обязательств Эмитента по выплате суммы основного долга и (или) купонного вознаграждения по Облигациям в сроки, установленные настоящим проспектом для выплаты основного долга и (или) купонного вознаграждения.

- 2) меры, которые будут предприняты эмитентом в случае наступления дефолта по облигациям, включая процедуры защиты прав держателей облигаций при неисполнении или ненадлежащем исполнении обязательств по выплате вознаграждения по облигациям, в том числе порядок и условия реструктуризации обязательств

В случае наступления События дефолта по Облигациям Эмитент обязан начислить и выплатить держателям Облигаций неустойку, исходя из официальной базовой ставки Национального Банка Республики Казахстан на день исполнения денежного обязательства о выплате суммы основного долга и (или) купонного вознаграждения по Облигациям (день фактического платежа) или его соответствующей части, за каждый день просрочки (последним днем начисления неустойки является день фактического платежа).

Эмитент освобождается от ответственности за частичное или полное неисполнение своих обязательств по Облигациям, если это неисполнение явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы. Под обстоятельствами непреодолимой силы понимаются обстоятельства, наступление которых не представлялось возможным предвидеть или предотвратить (стихийные явления, военные действия, акты уполномоченных органов запретительного или ограничительного характера и т. п.). В случае возникновения обстоятельств непреодолимой силы срок выполнения Эмитентом своих обязательств, предусмотренных настоящим проспектом, отодвигается соразмерно периоду времени, в течение которого действуют такие обстоятельства и их последствия.

Порядок и условия реструктуризации обязательств оговариваются Эмитентом с держателями Облигаций путем проведения переговоров. Решение о реструктуризации обязательств Эмитента принимается его Единственным участником с согласия кредиторов в соответствии с законодательством Республики Казахстан, в том числе с учетом прав, предоставляемых Облигацией ее держателю. Эмитент доводит информацию о наступлении События дефолта до сведения держателей Облигаций в сроки, в порядке и с применением способов, указанных в подпункте 3) настоящего пункта.

В течение 20 (двадцати) календарных дней, следующих за датой первой публикации информационного сообщения о наступлении События дефолта, Эмитент обязан осуществлять прием письменных заявлений держателей Облигаций либо прав требования по Облигациям о выкупе Облигаций (прав требования по Облигациям) по цене, соответствующей номинальной стоимости Облигаций с учетом накопленного вознаграждения, с указанием количества



Облигаций, заявленного к выкупу.

Не позднее 30 (тридцати) календарных дней, следующих за датой первой публикации информационного сообщения о наступления События дефолта, Эмитент обязан созвать и провести общее собрание держателей Облигаций.

В повестку дня общего собрания держателей Облигаций, помимо иных вопросов, должны быть включены вопросы об утверждении подготовленного Эмитентом плана мероприятий по восстановлению своей платежеспособности и (при необходимости) проекта возможных изменений в проспект выпуска Облигаций.

В случае если по итогам проведения общего собрания держателей Облигаций, план мероприятий по восстановлению платежеспособности не будет утвержден и будет принято решение о невозможности восстановления Эмитентом своей платежеспособности, а также, если Эмитент, в сроки предусмотренные законодательством, регулирующим общественные отношения, возникающие при неспособности должника удовлетворить в полном объеме требования кредиторов, не исполнил свои обязательства по выплате суммы основного долга и (или) купонного вознаграждения по Облигациям и выкупу Облигаций по полученным письменным требованиям держателей Облигаций, дальнейшие действия Эмитента и держателей Облигаций или прав требования по Облигациям регулируются законодательством Республики Казахстан в сфере реабилитации и банкротства.

В случае если по итогам проведения общего собрания держателей Облигаций план мероприятий по восстановлению платежеспособности будет утвержден, Единственный участник Эмитента принимает решение о реализации данного плана мероприятий по восстановлению платежеспособности с учетом прав, предоставляемых Облигацией ее держателю.

3) порядок, срок и способы доведения эмитентом до сведения держателей облигаций информации о фактах дефолта, включающей сведения об (о) объеме неисполненных обязательств, причине неисполнения обязательств, перечислении возможных действий держателей облигаций по удовлетворению своих требований, порядке обращения держателей облигаций с требованием к эмитенту, лицам, несущим солидарную или субсидиарную ответственность по обязательствам эмитента в случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения эмитентом обязательств по облигациям

При наступлении События дефолта по Облигациям Эмитент приложит все усилия для устранения причин, вызвавших такое Событие дефолта, и обеспечения прав держателей Облигаций.

В случае наступления События дефолта, Эмитент в течение 3 (трех) рабочих дней после дня наступления соответствующего события, обязан довести данную информацию до сведения держателей Облигаций посредством размещения соответствующего информационного сообщения на официальном интернет-ресурсе Биржи (www.kase.kz) в порядке, установленном ее правилами, на официальном интернет-ресурсе ДФО (www.dfo.kz) в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. Информационное сообщение Эмитента должно содержать следующие сведения:

- подробное описание причин, вызвавших наступления События дефолта;
- сведения об объеме неисполненных обязательств;
- перечисление возможных действий держателей Облигаций по удовлетворению своих требований, включая порядок и сроки обращения держателей Облигаций с требованием к Эмитенту;
- меры, которые предприняты или будут предприняты Эмитентом для устранения причин, вызвавших наступление События дефолта;



- дата проведения общего собрания держателей Облигаций;

- иную информацию по решению Эмитента.

Поручение иному юридическому лицу раскрытия указанной информации не предусмотрено.

4) дата и номер договора с лицами, несущими солидарную или субсидиарную ответственность по обязательствам эмитента в случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения эмитентом обязательств по облигациям, полное наименование данных лиц, а также дата их государственной регистрации (при наличии таких лиц)

Лиц, несущих солидарную или субсидиарную ответственность по обязательствам Эмитента в случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения Эмитентом обязательств по Облигациям, нет.

21. Прогноз источников и потоков денежных средств эмитента, необходимых для выплаты вознаграждений и погашения суммы основного долга в разрезе каждого периода выплаты вознаграждений до момента погашения облигаций

Прогноз источников и потоков денежных средств, необходимых для выплаты вознаграждений и погашения суммы основного долга по Облигациям приведен в Приложении 1 к настоящему проспекту.

22. Сведения о представителе держателей облигаций эмитента (в случае выпуска обеспеченных, инфраструктурных или ипотечных облигаций):

Не применимо

23. Сведения о платежном агенте эмитента (при наличии):

Не применимо.

24. Сведения о консультантах эмитента (в случае если в соответствии с Законом о рынке ценных бумаг установлена обязанность по заключению договора по оказанию консультационных услуг по вопросам включения и нахождения эмиссионных ценных бумаг в официальном списке фондовой биржи):

1) полное и сокращенное наименование лица, оказывающего консультационные услуги по вопросам включения и нахождения ценных бумаг эмитента в официальном списке фондовой биржи:

полное наименование: акционерное общество «Фридом Финанс»

сокращенное наименование: «Фридом Финанс» АО

2) место нахождения, номера контактных телефонов лица, оказывающего консультационные услуги по вопросам включения и нахождения ценных бумаг эмитента в официальном списке фондовой биржи: место нахождения: Республика Казахстан, 050040, город Алматы, Бостандыкский район, проспект Аль-Фараби, дом 77/7, н.п. За

номера контактных телефонов: +7 (727) 311-10-64

3) дата и номер договора эмитента с лицом, оказывающим консультационные услуги по вопросам включения и нахождения ценных бумаг эмитента в официальном списке фондовой биржи:

15052024-2 , 15.05.2024


Сведения об иных консультантах эмитента указываются в настоящем пункте, если, по мнению эмитента, раскрытие таких сведений является существенным для принятия решения о приобретении ценных бумаг эмитента.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Уполномоченное лицо



**ТАГАЕВ АЗАЛШО
АНВАРОВИЧ**

(фамилия, инициалы)

Электронная цифровая подпись:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Облигациялық бағдарламаның көлемі 50 000 000 (Елу миллион) АҚШ доллары

Толық атауы: "Swiss Capital (Свисс Капитал)" Микроқаржы ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқартылған атауы: "Swiss Capital (Свисс Капитал)» МҚҰ" ЖШС

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Облигациялардың осы шығарылымы (бұдан әрі – Облигациялар) облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады

Эмитенттің толық атауы: "Swiss Capital (Свисс Капитал)" Микроқаржы ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні: 22.04.2020

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні;

10.07.2023

2) облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі

50 000 000

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:



- 3.1 облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні
10.07.2023
- 3.2 облигациялардың түрі және саны
100 000 Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
- 3.3 шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі
10 000 000
- 3.4 орналастырылған облигациялар шығарылымының саны
75 000
- 3.5 облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі
7 500 000
- 3.6 осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы
423 787
- 3.7 сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны
жоқ
- 3.8 эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы
жоқ
- 3.9 облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі
облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысқа жіберу тоқтатылмады (қайта басталмады)
- 3.10 облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда
облигациялар ұйымдастырылған нарықта да, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында да айналысқа түседі
- 3.11 ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары
- 1) бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде бірінші шығарылым проспектісінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы; 2) осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде Облигациялар бойынша олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа қағидаларында көзделген тәртіпке сәйкес және тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы; 5) Облигацияларды еркін сату және өзге де жолмен билік ету құқығы; 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Облигациялар шығару проспектісінде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы. Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқықтарын өткізуінің шарттары, тәртібі мен мерзімдері бұдан әрі осы тармақшада көрсетілген: а) егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



көзделген жағдайларда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар. Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша жүзеге асырылады. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii) Облигациялардың әділ нарықтық бағасының ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына сатып алу үшін негіздеменің туындағаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Осы ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін қандай негіздің орын алатынын, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты егжей-тегжейлі сипаттауды қамтуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент қабылдауға міндетті. Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда Эмитенттің Жалғыз қатысушысы сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Эмитент Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі және осы тармақшада көрсетілген сатып алу туралы жарияланған ақпараттық хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс: • облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдасқан немесе ұйымдастырылмаған); • Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға туралы; • сатып алынатын Облигациялардың саны; • Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні; • есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: о ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтарды беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі; о ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісіне нұсқау; • Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыруы үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент жүзеге асырады.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі. Облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болатын жағдайда, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар.

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

100 (жүз) АҚШ доллары

3) облигациялардың саны

100 000 (жүз мың) дана

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі

10 000 000 (он миллион) АҚШ доллары

5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

АҚШ доллары

Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Орналастырылатын Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен төленеді. Облигацияларды төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Биржа») ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы. Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе алынбауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі Биржаның ішкі қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықтарды (бұдан әрі - «Бірінші өткізілген сауда-саттық») өткізу қорытындылары бойынша Бірінші өткізілген сауда-саттық барысында Облигацияларды орналастыру бойынша мәмілелер орындалатын кірістілік ретінде айқындалатын болады.

Купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне белгіленген болып табылады.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап ай сайын жылына 12 (он екі) рет жүргізіледі.

3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялар айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінде аяқталады.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



тұлғаларға (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркелген күн») төленеді.

Сыйақыны төлеу (соңғы купондық кезең үшін сыйақыны қоспағанда) Эмитент ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына Тіркеу күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Тіркеу күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде аудару жолымен жүзеге асырылады.

Әрбір Облигация ұстаушыға төленуге жататын купондық сыйақы сомасы төлем күніне тиісті Облигация ұстаушысына тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының айлық мөлшерлемесінің (Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі он екіге бөлінген) туындысы ретінде есептеледі.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасына сүйене отырып жүргізілетін болады

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері

2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны және кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі

3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен, инвестициялық басқарумен байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:



- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
 - 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
 - 5) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері
 - 6) сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі
 - 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудың тәртібі мен кезектілігі
- Жатпайды

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі

- 1) облигацияларды орналастырудың басталған күні

Облигациялар айналысының басталу күні Облигацияларды орналастырудың басталу күні болып табылады.

- 2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

- 1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні

Облигациялар айналысының басталу күні Биржаның сауда жүйесінде оның ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланатын болады.

- 2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялардың айналысының аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

- 3) облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Жылдар	Айлар	Күндер
2	0	0

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған
- ұйымдастырылмаған

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі

1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша төлемдер Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып мынадай түрде жүзеге асырылады:

i) Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент әрбір Облигация ұстаушыға төленуге тиісті сома туралы ақпаратты қамтитын Облигацияларды ұстаушылар тізімін қоса бере отырып, Облигацияларды өтеуге арналған соманы «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да ашылған шотқа аударады;

ii) Осы проспектіде белгіленген Облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде не егер өзге мерзім уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген болса, өзге мерзімде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Эмитенттен алынған ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен атаулы құнды төлеу өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары

Жалғыз қатысушы тиісті шешім қабылдаған жағдайда Эмитент Облигацияларды айналыстың бүкіл мерзімі ішінде ұйымдасқан және ұйымдастырылмаған нарықтарда толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Эмитент Облигацияларды сатып алу бағасын айқындайды:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуды жүзеге асыру кезінде - сатып алу күніне Биржада сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан баға бойынша;
- ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуды жүзеге асыру кезінде - Эмитент және Эмитент сатып алған кезде өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлайтын Облигацияларды

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



ұстаушы келіскен баға бойынша.

Орналастырылған (сатып алынған облигацияларды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) ашады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Эмитенттің өз облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға әкеп соқпауға тиіс.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында бүкіл мерзім ішінде өзінің сатып алынған Облигацияларын кері сатуға құқылы.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі

Эмитент Эмитенттің Жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - «КЕД») (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтерде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарыққа (ұйымдасқан немесе ұйымдастырылмаған) нұсқау;

- сатып алынатын Облигациялардың саны;

- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;

- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:

o ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтарды беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

o ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісіне нұсқау;

Эмитенттің орналастырған Облигацияларды сатып алуы Эмитенттің Жалғыз қатысушысының шешімімен айқындалған күні жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу жағдайында өздеріне тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің жалғыз қатысушысы қабылдаған облигацияларды сатып алу туралы шешім туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Ұйымдасқан нарықта облигацияларды сатып алу жағдайында Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға бұйрықтар беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарды бермеген облигациялар осы проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;

б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу;

в) қорытындысы бойынша көрсетілген таза пайданы бөлу немесе дивидендтер төлеу жүзеге асырылатын кезең үшін Эмитенттің таза пайдасын оның қатысушыларына (Жалғыз қатысушыға) бөлуге, сондай-ақ осындай бөлу нәтижесінде Эмитенттің таза пайдасының 40%-нан (қырық пайызынан) артық мөлшерге дивидендтер төлеуге жол бермеу;

г) төменде көрсетілген операцияларды (операциялар сериясын), мәмілелерді (мәмілелер сериясын), егер оларды орындау нәтижесінде Эмитент активтерінің мөлшері Эмитенттің меншікті капиталынан 10%-ға (он пайызға) және одан да көп төмендесе, жасамау:

(i) клиенттерге берілген қарыздар шарттары бойынша талап ету құқықтарын сату және (немесе) басқаға беру;

(ii) клиенттерге берілген қарыздар шарттары бойынша Эмитент алған кепіл мүлкін сату;

(iii) Эмитент алған қарыздар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылатын қарыз шарттары бойынша мүлікті Эмитенттен иеліктен шығару немесе Эмитенттен алып қою;

д) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын Эмитент берген қарыздар үлесінің Эмитент клиенттерге берген қарыздардың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мәнінен асып кетуіне жол бермеу (үлесті есептеу кезінде қарыздар күтілетін кредиттік залалдар үшін резерв шегерілгенге дейін ескеріледі);

е) Эмитенттің меншікті капиталының 10%-нан (он пайызынан) астам сомаға өзінің өзара байланысты тараптарымен мәмілелер, операциялар жасамау (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, шартты міндеттемелер қабылдау, кепілдіктер беру, қарыздар беру). Бұл талап осы проспекті жасау күніне алынған, сондай-ақ Эмитент болашақта оның өзара байланысты тараптарынан алатын қарыздарға, сондай-ақ осы тармақшаның в) абзацында көрсетілген операцияларға қолданылмайды.

Эмитенттің осы тармақта көрсетілген ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және (немесе) Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) орналастырылған Эмитенттің жылдық және аралық қаржылық есептілігі негізінде айқындалады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою әдісі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Көрсетілген ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда Эмитенттің Жалғыз қатысушысы сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті:

Эмитент Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі және осы тармақшада көрсетілген жарияланған ақпараттық хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдасқан немесе ұйымдастырылмаған);
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға туралы;
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:
- ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтарды беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
- ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісіне нұсқау;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыруы үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асыруға тиіс.

Эмитент Облигация ұстаушыларының талабы бойынша Облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша сатып алуға міндетті:

- жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен;
- қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде);
- Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе).



3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Эмитенттің кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар Биржаның ресми интернет-ресурстарында таныса алады (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде.

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратты алғаш жариялағаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің атына беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда сатып алу туралы өтініш беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және беру органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондар; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжатты берген нөмір, күн және орган; тұрғылықты жері; телефоны; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Эмитенттің Жалғыз қатысушысының Облигацияларды сатып алу туралы, оның ішінде Облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдағаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады. Эмитенттің Жалғыз қатысушысының Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды сатып алу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген мерзім шегінде сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті Облигацияларды ұстаушылардан қосымша мәліметтер алу қажеттілігі көзделуі мүмкін.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

